

Оқу іс-әрекетінің	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Мотивациялық-қозғаушылық</b></p>	<p>Шаттық шеңбері.  - Сәлеметсіңдер ме!  - Қайырлы күн, балалар!  -Күніміз сәтті болсын!  - Күн, сәуле шашқаның үшін рақмет!  - Таза ауа, саған рақмет!  - Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рақмет!  Табиғат, сұлулығың үшін рақмет!  Біздің топта сыйқырлы бұлт пайда болды!  Аспанда бұлт серуендеді,  Бұлт моншақтарын жоғалтты.  Мөлдір таза бұршақтай,  Біздің терезеге домалап түсіпті.  Ол бізге не туралы айтқысы келеді екен?Тәрбиеші бұлтқа келіп, тамшыны алып, жазылған сөзді оқиды «көктемгі ертегі». Бұлт бізге ертегі айтқысы келеді. Суреттер көрсете отыра, ертегіні әңгімелейді. Жылдың төрт мезгілі өмір сүріпті. Оларды таныдыңдар ма? Жыл мезгілдері тату тұрып, кезекпен әлемді билеген.Бір күні Қыс патша санап, көктемге орынын бергісі келмеді.Қар астындағы өсімдіктер мұңайып, құстар ән сала алмады.Адамдар пеш жағудан шаршады.Күзбен Жаз мазасыздана бастады. Ал Көктем: «Алаңдамаңдар, менде ғажап бар, ол суықты жеңуге көмектеседі!»  - Балалар, көктемнің ғажап дегені не? Әрине, күннің көзі. Күннің көзі жоғары көтеріліп, шуағын төге, жарқырай бастады.Сөйтіп күннің көзі көктемге көмектесіп, әлем гүлдене бастады.</p>	<p>- Сәлеметсіз бе!  - Рақмет!</p> <p>Балалар алғыс сөздерін бірге қосылып қайталап, соған сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>Балалар тақта алдына отырады, мұқият тыңдайды.  Қыс көктем, жаз, күз.</p>

<p><b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b></p>	<p>Осы кезде балапан келеді. Анасын іздеп жүргенін айтады. Көмек сұрайды. Үй ауласына саяхатқа баратындарын айтады. Алдымен қазға жолығады. Балапан: Анамды іздеп келемін. Сіз менің анама ұқсайды екенсіз, тек даусыңыз ұқсамайды екен? Қаз: Анаң да келіп қалар. Менімен бірге тілдік қимылдық жаттығу жасаңдар: Ауыл маңы саз-саз-саз Жайылады қаз-қаз-қаз Жем шашсаң мәз-мәз-мәз Тоймай қалса қаз-қаз-қаз Шашқан дәннің аз-аз-аз. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Үй құстары бейнеленген суреттер ілініп, құстардың қазақша атауларымен таныстыру (үй құстары, тауық, әтеш, балапан, утка, қаз). «Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Қоржынның ішінен ойыншықтарды бір-бірлеп шығарып, сұрақ-жауап әдісі арқылы аттарын ататқызады. - Мынау не? Қаз жол көрсетіп жібереді. Мысыққа жолығады. Балапан: Анамды іздеп келемін. Мысық: менімен ойнасаңдар, көмектесемін. Ойын: «Балапандарды түсіне қарай топта». Ақ, сары, қара түсті балапандарды тауықтың тұсына түсіне қарай жинап, орналастырады. Сергіту сәті: «Көңілді балапандар» Балапандар басады Аяқтарын топ- топ Топ- топ, топ-топ. Аяқтары шаршаса Қанаттарын қағады: Шарт!Шарт!Шарт!Шарт! Содан кейін отырып, Әсем биді билейді. Шиқ!Шиқ!Шиқ!Шиқ! Олар қашса, егер де, Ұстай алмас, ешкім де. Мысық құстардың қайда жүргендерін айтады. Жолда күшікке жолығады. Балапан: Анамды іздеп келемін. Күшік: Менің тапсырмаларымды орындасаңдар, көмектесемін. Жаңылтпаш айту. Әтеш әнге басады, Әтеш ұйқы ашады.</p>	<p>Шеңбер бойымен жүріп, біртіндеп орындыққа отырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тауық.</li> <li>- Балапан</li> <li>- Әтеш.</li> <li>- Қаз</li> <li>- Үйрек</li> <li>- Тауық.</li> <li>- Балапан.</li> <li>- Әтеш. (Сөздерді бірнеше рет қайталау).</li> </ul> <p>Үй құстарының атын атап, түсін ажыратады. (Мынау – қара тауық. Мынау – ақ үйрек, т.с.)</p> <p>Қаш! деген сөзге балалар, бытырап қашады, күшік ұстап алғысы келеді.</p> <p>Балалар бірге қайталайды. Кейін екі – үш бала жаңылтпашты айтады.</p>
---	--	---

	<p>Ойын: Жасырылған құс».</p> <p>Мақсаты: балалардың көріп қабылдауын жетілдіре отырып, үй құстарын есте сақтауға үйрету.</p> <p>Күшік:</p> <p>-Сендер менің тапсырмаларымды орындадыңдар. Енді мен балапанның анасын шақырып келейін- деп кетіп қалады.</p> <p>-Балалар, қараңдаршы, мына суреттегі қандай үй құстарын білесіңдер?</p> <p>-Мынау не?</p> <p>-Ол қалай дыбыс шығарады?</p> <p>Осы кезде тауық келеді. Тауық балапанын іздеп жүргенін айтады. Балапан анасын іздеуге көмектескендері үшін балаларға рахмет айтады.</p>	<p>Балалардың шеңбер бойы отырады. Әр балаға үй құстарының суреттері таратылады. Балалар көздерін жұмады. Бір баладан құстардың бірі алынады. Ол бала қай құс жоқ екенін екенін айтуы тиіс.</p> <p>- әтеш, тауық, қаз, үйрек</p> <p>- тауық</p> <p>- қыт-қыт-қыт-қыт</p>
<p><b>Рефлексия-лық - түзетушілік</b></p>	<p>Қосымша үлестірмелі материалдармен жұмыс. Педагог балаларға суреттерді көрсетіп, суретте бейнеленгендердің аттарын атады.</p> <p>Тауық алғысын айтып, өзінің тәтті сыйлықтарын әр балаға таратады, қоштасады. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Үй құстарын атайды. Тауыққа рахмет айтады.</p> <p>Шеңберге жиналып, Р.Өтегеновтің «Құстар» өлеңін хормен айтады.</p> <p>Қоныңдар, құстар, қоңыңдар,</p> <p>Бәріңе төрден орын бар.</p> <p>Қанатты барлық достарға,</p> <p>Балалар қамқор болыңдар!</p>